

«Қоғамдық пәндер» кафедрасы

«Құқық негіздері» пәні

№ 3 практикалық жұмыс


Тақырыбы: Конституциялық–құқықтық нормалар ұғымы, олардың түрлері мен ерекшеліктері.

1 академиялық сағат

Тәңірбергенова Рабиға Көлекбайқызы

rabiga.tanirbergenova@mail.ru

Крассворд



- 1. Заң шығарушы орган.
- 2. Мемлекет басшысы.
- 3. ҚР-ның конституциясы қай айда қабылданды?
- 4. Адамның мемлекет пен өзара құқықтарының, мемлекеттің міндеттерінің және жауапкершіліктерінің жиынтығынан көрінетін саяси құқықтық байланыс.
- 5. Мемлекет құрамына қарай Қазақстан қандай мемлекет?
- 6. ҚР-ның ең қымбат қазыналарының бірі.

Есеп 1

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз. Бұл сөзер ҚР Конституцияның қай бөлімінде айтылған және егемендік дегеніміз не?

Есеп 2

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. ҚР қызметінің ұстанатын негізгі қағидалары қандай?

Есеп 3

Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға ҚР Үкіметі рұқсат береді. ҚР Үкіметінің қабылдаған шешімі дұрыс па және ҚР Конституциясының қай бабымен қаралады?

-

Есеп 4

Мемлекетте көп ұлт болғандықтан федеративтік мемлекет ретінде атауын мәжіліс депутаттары бір ауыздан қолдады. ҚР басқару нысанына қарай қандай мемлекет және ол ҚР Конституциясының қай бабында айтылған?

Есеп 5

Қырғыз азаматы Б. Қазақстанға келіп, бес жылға жұмысқа тұрды. Жұмыс орны одан ҚР азаматтығын алуын талап етті. Ал қырғыз азаматы Б-да қос азаматтық бар екен. ҚР қос азаматтық бар ма және ол ҚР Конституциясының қай бабында қаралған?

Есеп 6

Азамат Д. өзінің жақсы көретін қызымен бірге болуына қыздың анасы қарсы болады. Азамат Д. оған шыдай алмай қыздың анасын өлтіреді. Сот бұл іске байланысты, өлім жазасына кесілсін деп үкім шығарады. Өлім жазасы ҚР бар ма және ол ҚР Конституциясының қай бабында қаралған, қандай адамдарға қолданылады?

Есеп 7

ҚР жоғарғы оқу орнына түсуге бір топ ұйғыр балалары құжаттарын тапсырды. Оқуға қабылдау бөлімі олардың тегіне, әлеуметтік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына байланыты құжаттарын қабылдамай қойды. Оқуға қабылдау бөлімінің шешімі дұрыс па? Азаматтардың Конституциялық құқықтары мен бостандықтары бұзылған ба және Конституцияның қай бабының тармақшасы арқылы қаралады?

Есеп 8

ҚР кәсіпкерлікпен айналысатын әкім үш жыл бойы мемлекетке салық төлемеген. Мемлекеттік салықты төлемегенін әкім, біріншіден өзінің әкім екендігін, екіншіден, кәсіпорыннан пайда түспейтіндігімен түсіндіреді. Бұл ҚР Конституцияның қандай баптарына қайшы келеді.

Есеп 9

Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігінің қалған мерзімі ғылым және білім Министіріне берілді. Бұндай жағдайда өкілеттік бірінші кімге беріледі? Ол Конституцияның қай бабының тармақшасы арқылы қаралады?

Есеп 10

Республиканың Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті мемлекетке опасыздық жасаған деп, Мәжіліс депутаттарының екіден бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілігімен қабылданды. Тағылған айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырды және оның нәтижелері Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Парламент Палаталары бірлескен отырысының қарауына берілді. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болғаннан кейін әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде екіден бірінің көпшілік даусымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады. Президент өз қызметінен кетеді ме?

Есеп 11

Жасы жиырма беске толған, жоғары білімі және кемінде төрт жыл жұмыс стажы бар, республикалық маңызы бар қаланың аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутатына кандидатурасын ұсынды. Сайлау органы бұл адамның кандидатурасын тіркемей қойды. Конституцияның қай бабына сәйкес жүзеге асырылады?

Есеп 12

Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтінін және оны жүргізбейтінін айтып, Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш берді. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өтінішті қабылдамай қойды. Конституцияның бабына қайшы келе ме немесе келмей ме?

Есеп 13

Қоғамда экономикалық және әлеуметтік жағдайының құлдырауына байланысты халық наразылығын білдірді. Парламент Мәжілісі бұл жағдайға себеп Үкімет қызметін дұрыс атқара алмауы деп, Үкіметке сенімсіздік білдіріп, Үкіметтің таратылатыны туралы мәлімдеді. Парламент Мәжілісі Үкіметті тарата алады ма? Қай заңмен қарастырылады және бабын атаңыз?

Есеп 14

Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы Досжан мәслихат депутаты болу үшін өз өтінішін жазды. Оның өтінішін Республиканың Орталық сайлау комиссиясы тіркемей тастады. Тіркемеудің себебін оның жас болғандығы және халықты басқара алмайтындығын айтып түсіндіреді. Республиканың Орталық сайлау комиссиясының әрекеті дұрыс па және сіз қандай шешім қабылдайтын едіңіз?

Есеп 15

Конституциялық Кеңестің үш мүшесін - Республика Президенті, екі мүшесін Парламент, екі мүшесі Үкімет тағайындады. Конституциялық Кеңестің құрамы дұрыс құрылған ба? Конституцияның қай бабында көрсетілгенін табыңыз?

Есеп 16

Республиканың отыз жасқа толған, жоғары заң білімі бар, алты ай жұмыс стажы бар Дәурен судья болу үшін біліктілік емтиханын тапсыруға өтініш жазды. Дәуреннің өтініші қабылданбады. Өйткені Дәурен жиырма бестен асып кеткен және оның жұмыс стажы аз. Дәурен судья бола ала ма, судья болу үшін қандай талаптар қойылған соны анықтаңыз?

Есеп 17

Қалалық соттың судьясы Шыңғыс Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде жол ережесін бұзуға қатысы бар деген күдікпен тұтқынға алып, күштеп әкеліп, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолданды. Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі қанша жыл және судья Шыңғыстың әрекеті заңға сәйкес па?

Есеп 18

Алматы қаласының тергеу изоляторларының бірінде отырған азамат Ж. осы мекеменің әкімшілігіне Президент сайлауына қатысқысы келетіндігін айтып өтініш жазады. Ол өзінің өтінішінде сайлауға қатысуға құқығы жоқ екендігін және өзінің аса ауыр қылмысқа қатысы бар екендігін жазады. Тергеу изоляторы басшысы сайлауға қатысуына рұқсат береді. Тергеу изоляторы басшыларының жауабы заңға сәйкес берілді ме және аталған жауаптан адам құқығын бұзудың қандай түрлері кездеседі?

Есеп 19

Алматы облысының тұрғыны азамат К. өзінің көптен бері жоғалтып жүрген малын көршісінің ұрлауы мүмкін деп күдіктенеді. Сөйтіп көршісінің ұйықтап жатқанын пайдаланып, түн ішінде мал қорасының, содан соң оның үйінің есігін бұзып кірген. Азамат К-нің әрекетінде Конституцияда бекітілген адам құқығына қол сұғу әрекеті бар ма және сендер бұл істі қалай шешкен болар едіңдер?

Есеп 20

2011ж. қарашада облыстық соттардың бірінде ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысты сот талқылауы болды. Аталған топ бірнеше рет ауыр қылмыс жасаған, Т. деген кәсіпкер азаматтың отбасын түгел өлтіріп, үйін тонау барысында қолға түседі. Сотта істі жеке дара қараған Ж. деген судья қылмыстық топтың үш мүшесін өлім жазасына кесу туралы үкім шығарған. Судьяның үкімінде заңсыздық бар ма және өлім жазасына кесілгендердің қандай құқықтары бар?

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

- 1. Конституция ұғымының қазіргі түсінігі:

А) саяси құрылыс

Б) мемлекеттің жай-күйі

В) нұсқаулар мен жарлықтар

Д) еркіндік туралы құжаттар

Е) негізгі заң

- 2. Соңғы Конституция қай жылы қабылданды?

А) 1991 жылы

Б) 1998 жылы

В) 1994 жылы

Д) 1996 жылы

Е) 1995 жылы

Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар:

1. Конституциялық құқық - Қазақстан Республикасының жетекші құқық саласы ретінде.
2. Конституцияның қазіргі уақыттағы конституциялық құқықтығы анықтамасы, конституцияның мәні.
3. Конституциялық дамудың негізгі кезеңдері. 1995 және 2011 жылғы конституциялардың негізгі белгілері.
4. Конституцияның мазмұны. Конституцияның қасиеттері, конституцияның үстемдігі, конституцияның тұрақтылығы, конституцияның ережелерінің бағдарламалық сипаты.
5. Конституцияның нысаны мен құрылымы.
6. Формальды және материалдық конституция, кодификацияланған (жүйелендірілген) және кодификацияланбаған (жүйелендірілмеген) конституциялар.
7. Кодификацияланған конституция құрылымы. Конституцияны қабылдау және өзгерту тәртібі.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызын сипаттаңыз.
2. Конституциялық-құқықтық қатынастарды реттеу үшін қандай әдістер қолданылады?
3. Конституциядағы құқықтар мен бостандықтардың жалпыламалық мәнін сипаттаңыз.
4. Белсенді сайлау мен бәсең сайлау дегеніміз не?

Әдебиеттер және интернет қорларына сілтемелер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08. 1995ж. (өзгертулер мен толықтырулар 2 ақпан 2011ж. енгізілді)
2. Құқық негіздері: Оқу құралы / Б.Ө. Алтынбасовтың редакциялығымен. – Астана, «Мастер По» ЖШС, 2012. – 336 бет.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері. Оқыулық 2 кітаптан тұрады. / Құрастырған Е.Баянов. 1-ші кітап. – Алматы, 2009. – 384 бет .
4. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық 2-басылым, өңдеген , толықтырған – Астана: Фолиант,2011. – 360 бет.
5. Булгакова Д. А. « Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. –Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2013. – 130 бет.